

КИЕЛІ КІТАП ҚАНДАЙ

ТӘЛІМ БЕРЕДІ?

Еммаус кітабы

ТЕКСЕРУ ДӘПТЕРІ

Аты-жөніңіз (баспа әріптерімен)

Мекенжайыңыз бен пошта индексі (баспа әріптерімен)

Нұсқаушы _____ Баға _____

№1 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Киелі кітапты кім жазды?

- а. Отыз алты адам;
- ә. Құдайдың тікелей бақылауымен адамдар жазды;
- б. Жақып патша;
- в. Исаның елшісі Пауыл. _____

2. Киелі кітапқа сәйкес «рухани шабыт» сөзі нені білдіреді?

- а. Киелі кітапты оқитын әрбір адам рухани шабытты сезінеді;
- ә. Өзінің барлық сөздерін адамдар жазған кезде Құдай оларды басқарады;

- б. Киелі кітап Құдайдың сөздерінен тұрады;
 - в. Құдай Киелі кітаптағы ойлар мен идеяларға ғана рухани шабыт берді.
-

3. «Пайғамбарлық сөздер ешқашан адамның еркімен айтылған жоқ, оларды Киелі Рух жетелеген адамдар Құдайдың атынан айтқан» дегенді кім айтты?

- а. Мұса;
 - ә. Дәуіт;
 - б. Петір;
 - в. Пауыл.
-

4. Құдай адамдарға Киелі кітапқа ештеңе қоспауды және одан ештеңені алып тастамауды ескертеді:

- а. Киелі кітаптың ең бірінші тарауында;
 - ә. Оның ең соңғы тарауында;
 - б. тараудың ортасында;
 - в. әрбір тарауда.
-

5. Киелі кітаптың ең басты тақырыбы қандай?

- а. Исраилдіктер;
 - ә. Халықтар;
 - б. Сенушілер қауымы;
 - в. Иса Мәсіх.
-

6. Көне Келісім не туралы айтпайды?

- а. Әлемнің жаратылуы туралы;
 - ә. Осы дүниеге күнәнің қалай енгені туралы;
 - б. Исраил халқының тарихы туралы;
 - в. Сенушілер қауымы жайлы.
-

7. Иеміз Исаның өмірі жайлы біз мынадан оқи аламыз:

- а. Мәсіхтің елшілерінің төрт
Ізгі хабарынан;
 - ә. Елшілер істерінен;
 - б. Пауылдың жазған хаттарынан;
 - в. Петірдің жазған хаттарынан.
-

8. Киелі кітаптың қай бөлімінде пайғамбарлық сөздер көп берілген?

- а. Мысырдан көшіп шығу
жазбасынан Естердің кітабына
дейінгі аралықта;
 - ә. Әйүптің жазбасынан Сүлейменнің
таңдаулы әніне дейінгі аралықта;
 - б. Римдіктерге арналған хаттан
бастап Яһуданың хатына
дейінгі аралықта;
 - в. Ишаядан Малахидің жазбасына
дейінгі аралықта және
Аян кітабында.
-

9. Жаңа Келісімнің хаттары бізге не береді?

- а. Мәсіхке сенушілердің өмірі
жайлы айқын тәлім;
 - ә. Израил халқының өмірі жайлы;
 - б. Поэзия мен пайғамбарлық сөздерді;
 - в. Сенушілер қауымдарының тарихы.
-

10. Киелі кітапты қалай қарастырсақ дұрыс болады?

- а. Оған тағы бір діни кітап
деп қарау;
 - ә. Оны сеніммен оқып, ол
бойынша өмір сүру;
 - б. Оны ұғына алған кезімізде
ғана қабылдау;
 - в. Оны тұтастай және бөліп-бөліп оқу.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Киелі кітап туралы сіз не ойлайсыз?

№2 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Киелі кітаптың ең бірінші аяты бізге Құдай туралы не дейді?

- а. Ол бізге Құдай туралы ештеңе айтпайды;
- ә. Ол Құдайдың бар екеніне нұсқайды;
- б. Ол бізге Құдай туралы бәрін айтады;
- в. Ол Құдайдың бар екенін дәлелдеуге тырысады.

2. Киелі кітапқа сай атеист қандай адам?

- а. Дана адам;
- ә. Зұлым адам;
- б. Ақымақ адам;
- в. Білгір адам.

3. Киелі кітапсыз:

- а. Адамдар ешқашан Құдайдың бар екеніне сене алмас еді;
 - ә. Адамдар Құдайдың құдіретін, Оның ұлылығын көре алмас еді;
 - б. Құдайдың бар екендігінің дәлелі жоқ;
 - в. Жаратылыс Құдайдың бар екенін дәлелдейді.
-

4. Құдайдың Рухы екендігіне байланысты төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс?

- а. Біз Құдайды біле алмаймыз;
 - ә. Біз Құдайды көре алмаймыз;
 - б. Құдай Өзін бізге көрсете алмайды;
 - в. Құдай біздің сезімдерімізді бөлісе алмайды.
-

5. Біз Құдай туралы қалай ойлауға тиіспіз?

- а. Ол адам емес;
 - ә. Ол тек қана күш;
 - б. Ол Жаратқан Ие ((шынайы Тұлға));
 - в. Ол біз танып-біле алмайтын Жоғары Тіршілік Иесі.
-

6. Киелі кітап Құдайдың бірлігі туралы не дейді?

- а. Жалғыз Құдай бар;
 - ә. Үш Құдай бар;
 - б. Көптеген құдайлар бар;
 - в. Киелі кітап Құдайдың бірлігі туралы ештеңе айтпайды.
-

7. Киелі кітап Үшбірлік туралы не дейді?

- а. Бұл маңызды мәселе емес;
- ә. «Үшбірлік» сөзі Киелі кітапта үш рет кездеседі;

- б. Киелі кітапта үш Тұлғасы бар жалғыз Құдай бар делінген;
 - в. Құдай адамдар сияқты рухани Ұлына жүкті болды.
-

8. Құдай бәрін біледі дегенде біз нені білдіреміз?

- а. Құдай құдіретті;
 - ә. Құдай бәрін біледі;
 - б. Құдай әрдайым бар болды;
 - в. Құдай бір мезгілде барлық жерде бар.
-

9. Құдай күнәні жазалайды, өйткені

- а. Ол мәңгілік;
 - ә. Ол бір мезгілде барлық жерде бар;
 - б. Ол сүйіспеншілік;
 - в. Ол киелі, мүлдем күнәсіз әрі таза.
-

10. Жох 3:16 аят бізге Құдай туралы нені үйретеді?

- а. Құдай көзге көрінбейді;
 - ә. Құдай Рух;
 - б. Құдай сүйіспеншілік;
 - в. Құдай барлығын Жаратушы.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Құдай туралы не ойлайсыз?

№3 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Адамның шығу тегі жайлы Киелі кітап не дейді?

- а. Адам өзінен әлдеқайда төмен дамыған тіршілік иелерінен шыққан;
 - ә. Құдай адамды жаратты;
 - б. Киелі кітапта бұл туралы айқын ілім жоқ;
 - в. Киелі кітаптың ілімінде еш мағына жоқ.
-

2. Киелі кітап адам туралы не дейді?

- а. Адам тек денеден ғана тұрады;
 - ә. Адамның денесі және жаны бар;
 - б. Адамның денесі, жаны әрі рухы бар;
 - в. Адам қыш ыдыс.
-

3. Адамның жаны мен рухының арасын кім ажырата алады?

- а. Әрбір саналы адам;
 - ә. Тек білімді және арнайы дайындықтан өткен адам;
 - б. Құдайдың сөзі;
 - в. Мұны істеу еш мүмкін емес.
-

4. Адамның рухы:

- а. тірі адамды өлі тәннен ажырататын белгі;
 - ә. адамға сезіну мүмкіндігін береді;
 - б. оның жанымен бірдей;
 - в. адамға Құдаймен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін береді.
-

5. Адамның ерік бостандығы жайлы не білесіз?
- а. Біздің ерік бостандығымыз жоқ;
 - ә. Құдай бізді робот іспетті жаратты;
 - б. Біз өз таңдауымыз бойынша
Құдайды сүйе немесе жек көре аламыз;
 - в. Біз ерік бостандығы бар бірден-бір
тіршілік иелері болып табыламыз. _____
6. Құдайды ең бірінші болып тыңдамаған кім?
- а. Люцифер;
 - ә. Адам;
 - б. Хауа;
 - в. Қабыл. _____
7. Адам қашан күнә жасады?
- а. Жеуге тыйым салынған
жемісті жегенде;
 - ә. Адам азғырылып, Құдайды
тыңдамағанда;
 - б. Әзәзіл шайтан Адамды күнә
жасауға мәжбүрлегенде;
 - в. Қабыл Әбілді өлтіргенде. _____
8. Біздің күнәға бейімділігіміз туралы сіз не білесіз?
- а. Біз күнәлі болмыспен туыламыз;
 - ә. Біз күнәні ержетіп өсу
барысымызда танып-білеміз;
 - б. Күнә Адам атадан шыққандықтан,
біз ол үшін жауапты емеспіз;
 - в. Кейбір адамдарда күнәға икемділік
бар, бірақ бәрінде бірдей емес. _____
9. Өлім туралы не білеміз?
- а. Әрбір адамның өмірі өліммен аяқталады;
 - ә. Өлімнен кейін сот болады;

- б. Біз жануарлар сияқты өлеміз;
 - в. Күндердің күнінде медицина өлімді жеңеді.
-

10. Киелі кітаптың күнә туралы айтқандарына байланысты

- а. бізге өзімізді күнәкарлар емеспіз деп айту қажет;
 - ә. бізге күнәні жоққа шығару қажет;
 - б. күнә жасағанда бізге соны мойындау қажет;
 - в. бізге өз күнәларымызды ақтайтын дәлел келтіру қажет.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Адамның күнәға батқаны жайлы Киелі кітаптық ілімді қолдағанда сіз осы дүниеден Оның қандай куәліктерін көресіз?

№4 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

- 1. Рим 3:23 күнәні былай деп суреттейді:
 - а. Құдайға қарсы шығу;
 - ә. Әдейі жасалған бұрыс мінез-құлық;
 - б. Адамдардың қоғамда өмір сүру

зандылықтарын бұзғатын іс-әрекет;
в. Құдайдың кемелділік талабына
сай келмейтін кез келген іс-әрекет. _____

2. Мат 5:28 аят күнә жайлы мынадай тәлім береді. Ол

- а. сенімнің жетіспеушілігі;
 - ә. ізгі іс-әрекеттерге селқос қарау;
 - б. Құдайға қарсы шығу;
 - в. арам істерді істеудің күнә екені
сияқты, соларды
ойлаудың өзі де күнә.
- _____

3. Осы дүниеде жасалған күнәлардың ең алғаш рет қайсысы туралы жазылды?

- а. Тәкаппарлық;
 - ә. Маскүнемдік;
 - б. Арам құмарлық;
 - в. Адамзатты жек көру.
- _____

4. Жер бетінде жасалған күнәлардың ең алғаш рет қайсысы туралы жазылды?

- а. Сенбеушілік және мойынсұнбаушылық;
 - ә. Нәпсіқұмарлық және жеңіл жүріс;
 - б. Ашу-ыза;
 - в. Пұтқа табынушылық.
- _____

5. Адам мен Хауаның жасаған күнәсінің нәтижесінде:

- а. олар Құдайдан ажыратылды;
 - ә. олар өздерінің жалаңаш тәндерін
жаппақ болды;
 - б. олар Құдайдан жасырынып
қалуға тырысты;
 - в. Жоғарыда аталғандардың бәрі.
- _____

6. Адам қашан және қалай өлді?

- а. Тыйым салынған жемісті жегеннен кейін тәндік тұрғыдан өлді;
- ә. Күнә жасап жатқан сәтте рухани өлді;
- б. Рухани жағынан ол мүлдем өлген емес;
- в. Ол өлімді көрместен, көкке көтерілді. _____

7. Адам баласы ретінде біз нені мұралаймыз?

- а. Құдайдың рухани балаларының қатарына қабылдануды;
- ә. Жетілдірге болатын жақын болмысты;
- б. Адамның күнәкар болмысын;
- в. Құтқарылуымызға қатысты Құдайдан өз еркіміздің орындалуын талап ету құқығын. _____

8. Екінші өлім деген не?

- а. Киелі кітапта бұл туралы айтылмаған;
- ә. Бұл тәндік өлім;
- б. Ол Құдайдан мәңгілікке ажырау;
- в. Ол өмірде адам басынан өткізетін ауыр қайғы. _____

9. Құдайдың күнәдан сауықтыруын бізге кім әкеледі?

- а. Мәсіхтің елшілері;
- ә. Иеміз Мәсіх Иса;
- б. Сенушілер қауымы;
- в. Біздің рухани көсемдеріміз. _____

10. Құдай кімге мәңгілік өмірді сыйлайды?

- а. Өздерінің күнәкар болмыстарына бақылау жасай алатындарға;
- ә. Сүйіспеншілік пен ізгілікке

- толы жандарға;
- б. Сенушілер қауымдарының мүшелеріне;
- в. Құдайдың рухани Ұлын өзінің жеке Құтқарушысы деп қабылдағандарға. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Сіз өз өміріңізден білетін күнә жайлы не ойлайсыз?

№5 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Мәсіхтің құдайлық болмысы дегенде біз нені түсінеміз?
- а. Адам сияқты Мәсіх те құдайлық болмысқа ие;
 - ә. Мәсіх - шын мәнісінде де Құдай;
 - б. Мәсіх қарапайым адам;
 - в. Мәсіх адам тәнінде көрінген Құдай. _____
2. Мәсіхтің бар екендігі жайлы біз не білеміз?
- а. Ол мәңгілік;
 - ә. Құдай Мәсіхті жаратты;
 - б. Ол анасы жүкті болған кезден бастап бар бола бастады;
 - в. Ол жер бетінде туылғанға дейін болған жоқ. _____

3. Мәсіхтің біліктілігі жайлы біз не білеміз?

- а. Ол бәрін біледі;
 - ә. Ол бәрін білуімен айрықшаланады;
 - б. Ол жердегі өмірден тысқары ештеңені білмейді;
 - в. Ол көптеген нәрселерді біледі және терең түсінеді.
-

4. Әлем қалай пайда болды?

- а. Табиғи, эволюциялық жолмен;
 - ә. Иеміз Мәсіх Исаның күшімен және құдіретімен;
 - б. Кездейсоқ;
 - в. Қалай пайда болғаны белгісіз, ол туралы Киелі кітапта жазылмаған.
-

5. Төмендегі пайымдаулардың қайсысы дұрыс?

- а. Құдай-Әке Өзінің рухани Ұлы ретінде Иса жайлы ешқашан айтқан жоқ;
 - ә. Иса адамдардың Өзіне Құдай ретінде табынуларына ешқашан жол берген жоқ;
 - б. Иеміз Өзінің Құдай екенін мәлімдеді;
 - в. Иса жер бетінде жүрген кезде жын­дар Оның Құдай екендігін әрдайым жоққа шығаратын.
-

6. Мәсіх жер бетінде туылған кезінде не жағдай болды?

- а. Ол Құдай болмай қалды;
 - ә. Ол шынайы адам және шынайы Құдай болды;
 - б. Ол шынайы адам болмады;
 - в. Оның шынайы ата-анасы Мәриям мен Жүсіп болды.
-

7. Мәсіх туралы айтылған төмендегі пайымдаулардың қайсысы дұрыс?

- а. Ол ешқашан қателескен жоқ;
 - ә. Ол еш күнәсіз болды;
 - б. Ол күнәкарлармен араласудан қашқақтады;
 - в. Ол сыналудан, ауру мен азап шегуден азат болды.
-

8. Иеміз Иса неліктен өлді?

- а. Ол Өзінің күнәлары үшін өлді;
 - ә. Ол күнәларымыз үшін біздің орнымызды басып өлді;
 - б. Ол қолынан түк келмейтін бейшара болғандықтан өлді;
 - в. Ол отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісін көрсетіп өлді.
-

9. Иеміз Мәсіх Иса жайлы қазіргі күні біз не білеміз?

- а. Ол әлі де Өзінің қабірге қойылған жерінде;
 - ә. Ол өлімнен тірілді, қазір көктегі мекенінде;
 - б. Ол күнәкарларға көместесе алмайды;
 - в. Оның өзге діни қызметкерлерден еш айырмасы жоқ.
-

10. Мәсіх Киелі кітапта Пайғамбар, Бас діни қызметкер әрі патша ретінде көрсетілген. Бас діни қызметкер ретінде:

- а. Ол бүкіл әлемге билік құрып, оны басқарады;
 - ә. Ол бізге Құдайдың еркін жариялайды;
 - б. Ол барлық адамдар үшін мінажат етеді;
 - в. Ол Құдайдың алдындағы сенушілердің өкілі.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Өзіңіздің Иеміз Мәсіх Иса жайлы не ойлайтыныңызды өз сөзіңізбен жазып берсеңіз екен.

№6 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Қайтадан туылу жайлы Иеміз Мәсіх Иса кіммен әңгімелесті?

- а. Жезөкше әйелмен;
- ә. Қатты діндар, ізгі адаммен;
- б. Жеккөрінішті салық жинаушымен;
- в. Пұттарға табынатын басқа ұлт адамымен.

2. Иеміз Мәсіх Иса Никөдемге не деді?

- а. Оған рухани қайтадан туылу қажет шығар;
- ә. Ол өз өмірін қадағалап, тексеруге тиіс;
- б. Ол рухани қайтадан туылуға тиіс;
- в. Оған рухани қайтадан туылу қажет емес.

3. Адам қалайша Құдайдың рухани баласына айналады?

- а. Сенушілер отбасында дүниеге келуіне бола;

- ә. Өзінің мықты еркіне бола;
 - б. Діни рәсімнен өту арқылы;
 - в. Өз өміріндегі Құдайдың тікелей іс-әрекетінің арқасында.
-

4. Қайтадан туылу үшін бізге не істеу қажет?

- а. Өмір сүру қалпымызды өзгерту;
 - ә. Жақсы діни білім алу;
 - б. Киелі Рух жүзеге асыратын рухани өзгерісті бастан кешу;
 - в. Рухани өмірді біртіндеп дамыту.
-

5. Рухани қайтадан туылуды қабылдау үшін төмендегі іс-әрекеттердің қайсысы қажет?

- а. Суға шомылу рәсімінен өту;
 - ә. Сенушілер қауымына мүше болу;
 - б. Изгілікті өмір сүру;
 - в. Жоғарыда аталғандардың ешбіреуі қажет емес.
-

6. Иеміз Никөдемге: Менің «қайтадан туылуға тиіссіндер дегеніме» таңданба! деді.

- а. Өйткені қайтадан туылу табиғи үрдіс болып табылады;
 - ә. Өйткені қайтадан туылудың толық негізі бар;
 - б. Өйткені Никөдем кереметтер туралы тым көп айтты;
 - в. Бұл Никөдемді таңдандырмас еді, өйткені ол көп оқыған, білімді адам болатын.
-

7. «Тәннен — тән туады» деген сөздер нені білдіреді?

- а. Мұнда біздің өзімізбен бірге туылатын күнәкар болмысымыз айтылған;

- ә. Бұл біздің Құдайдан қабылдайтын жаңа болмысымыз;
 - б. Бұл біздің Құдайдың беретіндерін ұғынуға тырысқан табиғи қалауымыз;
 - в. Құмарлықтарымызды өз еркімізге бағындырмайынша, біз құтқарыла алмаймыз.
-

8. Иса «Құдай Патшалығы» деген атауды төмендегілер туралы айтқанда қолданады:

- а. Көне Израил патшалығы туралы айтқанда;
 - ә. Өзі орнататын болашақ патшалық туралы айтқанда;
 - б. Қайтадан туылу арқасында біз кіретін рухани патшалық туралы айтқанда;
 - в. Бүгінгі Израил мемлекеті туралы айтқанда.
-

9. Қайтадан туылу «рухани қайтадан туылуды» білдіреді. Бұның түпкі мағынасы қандай?

- а. Қайтадан туылудың өлген кезде болатынын білдіреді;
 - ә. Көктен (Құдайдан) рухани қайтадан туылатынын білдіреді;
 - б. Адал да парасатты өмір сүруді үйренетінімізді білдіреді;
 - в. Біздің жаңа тәнмен қайтадан туылуға тиіс екенімізді білдіреді.
-

10. Рухани өмір бізге қашан беріледі?

- а. Біз Құдайдың еркін орындауға көбірек тырысқанымызда;

- ә. Біздің ізгі істеріміз жаман істерімізден басым болғанда;
 - б. Рухани өмірге лайықты болу үшін рухани заңғарлықтың белгілі бір деңгейіне жеткен кезімізде;
 - в. Мәсіхті жүрегімізге қабылдап, рухани қайтадан туылғанда.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Иеміздің «қайтадан туылуға тиіссіндер!» дегеніне қатысты сіз не ойлайсыз?

№7 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. «Кімде-кім судан туылмаса» деген сөз тіркесі төмендегіні білдіреді:

- а. Суға шомылу рәсімін;
 - ә. Өзге ұлттардың яһудилердің сенімін қабылдауын;
 - б. Жақия пайғамбар жасаған суға шомылу рәсімін;
 - в. Құдайдың Сөзін.
-

2. Адам рухани қайтадан туылғанда Құдайдың Сөзі қандай рөл атқарады?

- а. Бұл тек Жохан жазған Ізгі хабардың үшінші тарауында ғана айтылған;
 - ә. Ол бізге рухани қайтадан туылудың қажеттігін және оған апаратын жолды түсіндіреді;
 - б. Ол қайтадан туылудан кейін болатын жайттарға көбірек қатысты;
 - в. Ол табиғи түрде туылған кездегі анаға ұқсайды.
-

3. Адам рухани қайтадан туылғанда Киелі Рухтың атқаратын қызметі қандай?

- а. Ол күнәкарға жаңа болмыс береді;
 - ә. Ол күнәкарға өзінің Мәсіхке мұқтаж екенін көруге көмектеседі;
 - б. Ол сенуші адамның жүрегінен орын алады;
 - в. Ол жоғарыда аталғандардың бәрін де жүзеге асырады.
-

4. Рухани қайтадан туылу неге негізделген?

- а. Біздің басқа адамдармен қарым-қатынасымызға негізделген;
 - ә. Рухани қайтадан туылғанымызды сезетінімізге негізделген;
 - б. Сезімге емес, фактіге негізделген;
 - в. Соны біздің толықтай түсінгенімізге негізделген.
-

5. Мәсіх: «Қайтадан туылуға тиіссіңдер!» дегенде Никөдем не айтты?

- а. Ол: «Неліктен?» деп сұрады;

- ә. Ол: «Бұл қалай болады?» деп сұрады;
- б. Ол: «Кім қайтадан туылуға тиіс?»
деп сұрады;
- в. Ол: «Мен бе?» деп сұрады. _____

6. Мәсіх зухани қайтадан туылуды түсіндіргенде қандай мысалды келтірді?

- а. Жуырда Иерусалимде өткен оқиғаларды;
- ә. Ғибадатханада құрбандық шалуды;
- б. Мұсаның иен далада мыс жыланды жоғары көтеріп қойғанын;
- в. Бұл Мәсіхтің тек Никөдемге ғана айтқан әңгімесі еді. _____

7. Теріс жолдан қайтып, Құдай жолына түсу нені білдіреді?

- а. Тек қана ойлау жүйесін өзгерту;
- ә. Ойлау мен ақыл құрылымының өзгеруі;
- б. Ойлаудың өзгеруі. Ол ақыл құрылымын және қимыл амалын басқаша түрге өзгертеді;
- в. Күнәсі үшін өз-өзін жазалау. _____

8. Неліктен мыс жылан жасалды?

- а. Исраил халқын соған табындыру үшін;
- ә. Исраилге пұттарға табынуды үйрету үшін;
- б. Күнәнің айыбын әзәзіл шайтанның тартатынын көрсету үшін;
- в. Біздің құтқарылуымыз үшін Мәсіхтің жанын қиғандығын бейнелеп көрсету үшін. _____

9. Осы суреттелген мысалға сай исраилдік ажалдан қашан

күтқарылды?

- а. Мыс жыланға қараған кезде;
- ә. Жыланның өзін сауықтыратынын түсінген кезде;
- б. Өзін қалай сауықтыруды ұққан кезде;
- в. Ол Мұсаның жақын досы болған кезде. _____

10. Мәсіх орындаған іске бола кім күтқарылуға ие болады?

- а. Оның өлімі туралы барлығын да түсінген адам;
- ә. Өзінің күтқарылу ісіне байланысты сенімін Мәсіхке артқан адам;
- б. Мәсіхке де әрі өз күшіне де сенген адам;
- в. Әрбір адам, тіпті ол Мәсіхке сенбесе де. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Өзіңіздің күнәдан күтқарылуыңызға байланысты сіз неге немесе кімге сенім артасыз?

№8 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс?

- а. «Қайтадан туылу» мен «құтқарылу» екеуі де бірдей ұғым;
 - ә. «Қайтадан туылу» мен «құтқарылу» - әртүрлі ұғымдар;
 - б. Екі ұғымның біреуі өмірдің шығу көзіне, ал екіншісі - нәтижелерге қатысты;
 - в. Рухани қайтадан туылмай-ақ сіз құтқарыла аласыз.
-

2. «Құтқарылу» сөзі нені білдіреді?

- а. Ол бір нәрседен арылуды білдіреді, бірақ бұл Киелі кітап бойынша емес;
 - ә. Әдеттегі мағынасы сияқты, рухани мағынасы да бірдей;
 - б. Киелі кітапта ол ерекше мағынада қолданылады;
 - в. Оның нені білдіретінін біз білмейміз.
-

3. Киелі кітап күнәкарлар жайлы бізге қандай тәлім береді?

- а. Біз тумысымыздан-ақ күнәкарлармыз;
 - ә. Біз өз таңдауымыз бойынша күнәкарлармыз;
 - б. Біз өз істеріміз бен қылықтарымызға бола күнәкарлармыз;
 - в. Жоғарыда айтылғандардың барлығы.
-

4. Елш 17:30 аят бізге не дейді?

- а. Барлық адамдар құтқарылуды қабылдайды?;
 - ә. Құдай барлық адамдарға теріс жолдан қайтып, тәубеге келуге бұйырады;
 - б. Құдай адамның күнәсіне көңіл бөлмейді;
 - в. Құдай кейбір адамдарға көбірек оң көзімен қарайды.
-

5. Жүректеріміздің іс жүзінде қаншалықты бүлінгенін қай аяттар көрсетеді?

- а. Жар 6:5;
 - ә. Ерм 17:9;
 - б. Мар 7:20-23;
 - в. Жоғарыда берілгендердің бәрі.
-

6. Күнәарға қарсы бағытталған Құдайдың әділ талаптары

- а. біздің теріс жолдан қайтып, тәубеге келуіміз арқылы қанағаттандырылған;
 - ә. біздің игі істеріміз арқылы қанағаттандырылады;
 - б. Мәсіхтің құрбандық өлімі арқылы қанағаттандырылған;
 - в. қанағаттандырыла алмайды.
-

7. Құтқарылуға ие болмас бұрын не істеуге тиіспіз?

- а. Біз өзіміздің жаман әдеттерімізді бақылауға тиіспіз;
 - ә. Біз өз өмірімізді реттеуге тиіспіз;
 - б. Мәсіх Исаның жеке Құтқарушым деп қабылдауға тиіспіз;
 - в. Біз Киелі кітапты тұтастай оқып шығуға тиіспіз.
-

8. Құтқарылғанмызды қалай біле аламыз?

- а. Құдайдың сөзіне сену арқылы;
 - ә. Құтқарылғанбыз деп сезіну арқылы;
 - б. Сенушілер қауымының мүшесі болу арқылы;
 - в. Ерекше көңіл күйге ену арқылы.
-

9. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс? Егер құтқарылғаннан кейін біз:

- а. шыдай алмай күнә жасап қойсақ,
онда қайтадан рухани өлеміз;
 - ә. ешқашан күнә жасамаймыз;
 - б. күнәнің билігінен құтылуды өз
басымыздан өткізе аламыз;
 - в. өзіміз дұрыс деп шешкенімізге
сай істеуге толықтай
еркіндікке ие боламыз.
-

10. Төмендегі пікірлердің қайсысы құтқарылудың нәтижесіне жатпайды.

- а. Сенушіде енді ешқандай қиын мәселе жоқ;
 - ә. Сенуші Құдаймен тату;
 - б. Сенуші өзіне жұмақта орын дайындалып қойылғандығына сенімді;
 - в. Енді сенуші Құдайдың нағыз шынайы жанкүйері бола алады.
-

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Сіз құтқарылуды қабылдадыңыз ба? Егер солай болса, сіз Мәсіхті қалай қабылдадыңыз?

№9 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Құдайдың бізге деген қарым-қатынасы осы күндері неге негізделген?

- а. Заңға;
 - ә. Біздің ар-ұжданымызға;
 - б. Құдайдың рақымына;
 - в. Біздің білімімізге.
-

2. Киелі кітапта «Рақым» мынаны білдіреді?

- а. Біз қабылдауға лайықты болған нәрсемізді Құдайдан аламыз;
 - ә. Бұл ас ішудің алдындағы қысқа мінажатты білдіреді;
 - б. Бұл адамдарды сүйкімді де ұнамды қылатын айрықша қасиет;
 - в. Лайықты болмасақ та бізге берілетін шапағат пен қайырым.
-

3. Кім бізге рақымды сыйлайды?

- а. Тек қана Құдай-Әке;
 - ә. Тек қана Құдайдың рухани Ұлы;
 - б. Тек қана Құдайдың Киелі Рухы;
 - в. Киелі Үшбірліктің барлық үш Тұлғасы.
-

4. Құдайдың күнәкарларға деген көзқарасы қандай? (Құдай олар туралы не ойлайды)?

- а. Құдай оларды жек көреді;
- ә. Құдай оларды мүлдем көзіне ілмейді;
- б. Құдай оларды сүйеді және оларға аяушылықпен қарайды;

в. Құдай оларға жоғарыдан төмен қарайды.

5. Біз құтқарылуды қалай қабылдай аламыз?

а. Игі істерімізбен;

ә. Құдайдың заңдарын орындауымызбен;

б. Өзіміз лайықсыз бола тұра құтқарылуды сый ретінде қабылдауымызбен;

в. Құдайдың рақымымен және өзіміздің игі істерімізбен.

6. Құдайдың рақымы қазіргі күндері не туралы айтады?

а. «Осылай істе, сонда сен өмір сүретін боласың»;

ә. «Мәңгі Бар болушы тірі өз Құдайыңды сүй»;

б. «Біз сүйеміз, себебі Ол бізді алдымен сүйді»;

в. «Кім күнә жасаса, сол өледі».

7. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс?

а. Біз Құдайдан еш нәрсені талап ете алмаймыз;

ә. Біз құтқарылуға лайықтымыз;

б. Құдай адамды құтқаруға міндетті;

в. Күнә пенделік ақыл-санамыздың шатасуы.

8. Төмендегі пікірлердің қайсысы құтқарылмаған адамға қатысты дұрыс?

а. Күнәларына қарамастан, сол адам құтқарылатын болады;

ә. Оны Құдайдың соты күтіп тұр;

б. Ол Мәсіхтен бас тартқаны

үшін жауапқа тартылмайды;
в. Құдай оны күнәсі үшін соттамайды. _____

9. Құдай Өзінің киелілігіне ешбір нұқсан келтірместен күнәкар біздерді құтқара алады, өйткені:

а. Мәсіх Құдайдың күнәға арналған жазасын Өзінің мойнына алды;

ә. Құдай күнәні елемейді;

б. Киелі кітапта күнә ауыр қылмыс деп көрсетілмеген;

в. Адам өзінің құтқарылуына көмектесе алады. _____

10. Құдайдың алдында пәк таза болу нені білдіреді?

а. Кешірімді қабылдауды;

ә. Ақталуды;

б. Қасиетті болуды;

в. Құны төленіп құтқарылуды. _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Құдай сізге Өзінің рақымын қалай көрсетті? _____

№10 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Құтқарылуды қабылдау үшін күнәкар неге мұқтаж?
 - а. Құтқарылуға лайықты болу үшін жеткілікті түрде игі істер істеуге;
 - ә. Сенушілер қауымының рәсімдеріне;
 - б. Иеміз Мәсіх Исаға сенімін артуға;
 - в. Таза ақыл-санаға. _____

2. Еф 2:8-9 аяттарда не айтылған?
 - а. Біз өз-өзімізді құтқара аламыз;
 - ә. Біз құтқарыла алмаймыз;
 - б. Біз сеніміміз арқылы рақыммен құтқарыламыз;
 - в. Біз өзіміздің игі істерімізбен мақтана аламыз. _____

3. Иеміз Исаға сенім арту үшін біз сенімді қайдан аламыз?
 - а. Өзіміздің жан дүниемізден;
 - ә. Құдайдың Сөзі Мәсіх арқылы Құдайдан;
 - б. Өз ата-аналарымыздан;
 - в. Сенушілер қауымдарынан. _____

4. Мәсіхке сену үшін сенімді қалайша ала алатынымыз туралы қай аятта айтылған?
 - а. Жох 3:16;
 - ә. Елш 20:21;
 - б. Рим 10:17;
 - в. Еф 1:7. _____

5. Емдейтін дәрігеріңе деген сенім мен Исаға деген сенімнің арасындағы айырмашылық мынада:

- а. Қаншалықты сенімге ие екендігімізде;
 - ә. Сеніміміздің нысанының не екенінде;
 - б. Сеніміміздің қандай екендігінде;
 - в. Сеніміміздің мақсатының қандай екендігінде.
-

6. Егер біз құтқарылуды қабылдағымыз келсе, сеніміміздің шынайы нысаны не болуға тиіс?

- а. Сенушілер қауымы;
 - ә. Киелі кітап;
 - б. Иеміз Мәсіх Иса;
 - в. Діни көсемдеріміз.
-

7. Егер Киелі кітаптың Мәсіх жайлы айтқандарына сенсек онда:

- а. Біз құтқарылдық;
 - ә. Бұл бізді құтқара алмайды;
 - б. Бұлай істеу ақылсыздық;
 - в. Мүмкін біз кез келген нәрсенің бәріне сенетін болармыз.
-

8. Құдайдың сотынан кім сенімі арқылы құтқарылды? (Евр 11:7)

- а. Әбіл;
 - ә. Енох;
 - б. Нұх;
 - в. Ыбырайым.
-

9. Римдік жұзбасының сенімі Мәсіхті таңғалдырды, өйткені:

- а. ол маңызды тұлға болатын;
 - ә. ол жақсы адам болатын;
 - б. ол Мәсіхтің сөзіне сенді;
 - в. ол сондай шынайы адам болатын.
-

10. Күнәларына өкініп, тәубеге келулерімен қаншама күнәкар құтқарылуды қабылдады?

- а. Біразырақ;
 - ә. Көптеген;
 - б. Басым көпшілік;
 - в. Күнәларына өкініп, одан бас тартқан барлық күнәкарлар.
- _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Осы тарау сізге қалайша көмектесті?

№11 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Біздің болмысыңыздың қай аспектісі Құдайды танып-білуімізге мүмкіндік жасайды?

- а. Жанымыз;
 - ә. Рухымыз;
 - б. Сезіміміз;
 - в. Тәніміз.
- _____

2. Өлген кезімізде бізбен не болады?

- а. Жанымыз ұйқыға кетеді;
- ә. Рухымыз ұйқыға кетеді;
- б. Сенбеушінің рухы өлі;

в. Сенуші адамның тәні ұйқыға кетеді. _____

3. Сенуші өлген кезде не болады?

а. Оның жаны мен рухы жазалайтын орынға кетеді;

ә. Ол бірден Мәсіхтің қасына кетеді;

б. Ол Мәсіх қайтып келгенше ештеңені білмейді;

в. Ол сенбеушілер баратын жерге кетеді. _____

4. О дүниедегі тозақ деген не?

а. Бұл адам нақты сезетін жазаның орны;

ә. Ол отты көлдің өзі;

б. Ондай орын жоқ;

в. Ол сенбеушілер баратын жер. _____

5. Иеміз Иса о дүние мен тозақ туралы не деді?

а. Ол о дүние туралы ештеңе айтқан жоқ;

ә. Ол тозақ туралы ештеңе айтқан жоқ;

б. Ол бұлардың екеуі туралы да ештеңе айтқан жоқ;

в. Ол сол орындардың шынайы бар екенін және біздің солардан қорқуға тиіс екенімізді айтты. _____

6. Өлген адамдар отты көлде қанша уақыт болады?

а. Көкке ену үшін қажетті өзінің тазаруына дейін;

ә. Күнәларының төлемін өтеп болғанға дейін;

б. Қиямет Соты болғанға дейін;

в. Мәңгілікке қалады. _____

7. Төмендегі пікірлердің қайсысы дұрыс?

- а. Құдай сүйіспеншілік болғандықтан, ешқандай тозақтың болуы мүмкін емес;
 - ә. Тозақ сияқты орынның болуы ақылға сыймайды;
 - б. Бізге тозақ жайлы ұмытқан жөн;
 - в. Бізді тозақтан құтқару үшін Құдай Өзінің рухани Ұлын жіберді.
- _____

8. Ізгі хабар жайлы ешқашан естімегендермен не болады?

- а. Олар көкке барады;
 - ә. Құдай оларға шара қолданады. Ол солардың шындық жайлы біліктеріне сай болады;
 - б. Олар Құдайдың бар екенін біле алмайды;
 - в. Олар игілікті зұлымдықтан ажырата алмайды.
- _____

9. «Көктің ең биігі, үшінші көк» деген не?

- а. «Жұмақ» деген атпен белгілі Құдайдың мекені;
 - ә. Жерді қоршап тұрған әуе кеңістігі;
 - б. Бұлттар ұшып жүретін биіктік;
 - в. Жұлдыз аралық кеңістік.
- _____

10. Құдай Патшалығындағы ең жақсы нәрсе не болады?

- а. Онда қайғы-қасірет пен көз жасы болмайды;
 - ә. Онда біздің сүйіктілеріміз бен ең жақын адамдарымыз болады;
 - б. Онда Мәсіх болады;
 - в. Онда керемет әдемі қала жаңа Иерусалим болады.
- _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Осы тарау сізге қалайша көмектесті?

№12 Тексеру жұмысы

Беттің оң жағындағы сызықтың үстіне дұрыс жауапқа сай келетін әріпті жазып қойыңыз.

1. Жох.1 14:2-3 аяттарда Иеміз Иса Өзінің шәкірттеріне не деді?

- а. Ол қайтып келеді;
- ә. Ол ұзақ уақыт жоқ болады;
- б. Ол шәкірттері туралы Өзінің рухани Әкесіне айтатын болады;
- в. Ол шәкірттерін ешқашан ұмытпайды.

2. Мәсіхтің жер бетіне екінші рет қайтып келу жайлы бізге не белгілі? (Елш 1:11).

- а. Бұл тек рухани мағынадағы қайтып келу;
- ә. Ол тәндік қалыпта қайтып келеді, сондықтан біз Оны көретін боламыз;
- б. Ол біз өлгенше қайтып келеді;
- в. Ол тек біз құтқарылғаннан кейін ғана келеді.

3. Иемізді қарсылап жоғарыға, аспанға кім көтеріледі?

- а. О дүниеге аттанған әділетсіздер;
 - ә. Қайтыс болған сенушілер және тірі жүрген сенушілер;
 - б. Тек қана тірі жүрген сенушілер;
 - в. Тек қана қайтыс болған сенушілер.
- _____

4. Жер бетінде Патшалық құру үшін Мәсіх салтанатты ұлылықпен қайтып келгенде қандай кезең аяқталады?

- а. Мыңжылдық патшалық;
 - ә. Сенушілердің қуанып шаттанған кезеңі;
 - б. Әділетсіздерді жазалау кезеңі;
 - в. Ғаламат қайғы-қасірет кезеңі.
- _____

5. Иеміз келер алдындағы соңғы күндерде төмендегі оқиғалар болады. Тімотеге арналған бірінші және екінші хаттардағы айтылып өткендердің бәріне де белгі салыңыз.

- а. Атом қуатының ашылуы;
 - ә. Құдайдан бас тарту;
 - б. Израил мемлекетінің қайтадан қалпына келуі;
 - в. Ата-ананы тыңдамау;
 - г. Дүниеқоңыздық;
 - ғ. Ләззат-ермектің Құдайды сүюден жоғары болуы.
- _____

БҰЛ ТУРАЛЫ СІЗ НЕ ОЙЛАЙСЫЗ?

Иеміздің қайтып келуіне дайынсыз ба? Сіздің біліміңіз неге негізделген?

Егер сізді басқа жұмыс орнына ауыстырған болса немесе сіз мекенжайыңызды өзгерткен болсаңыз, бізге сол жайында хабарласаңыз екен. Сонда жаңа тарауларды сізге жібере аламыз.

Толтырылған жұмыс дәптерін төмендегі мекенжайға салып жіберіңіз:

.....
.....

